



***Кәсіпорын (өндіріс)
шығындары және өнімнің
өзіндік құны***

Дәріс жоспары:

- 1. Өндіріс шығындары***
- 2. Кәсіпорын шығындарының түрлері***
- 3. Шығындардың топтастырылуы***
- 4. Өнімнің өзіндік құнын анықтау***
- 5. Залалсыздық нүктесін анықтау***
- 6. Өнімнің өзіндік құнын төмендету жолдары***



***Тауар шығара отырып кәсіпорын
шикізаттарды, материалдарды
шығындайды. Олардың құны басқа
материалдық шығындармен, негізгі
қордың тозуымен және
қызметкерлердің жалақысымен
қатар өзіндік құн нысанын
қабылдайтын кәсіпорынның
шығындарын құрайды.***

Өндіріс шығындары



өнім (жұмыс, қызмет) өндірісі процессінде пайдаланылатын табиғи ресурстардың, шикізаттардың, отынның, энергияның, негізгі қордың, сонымен қатар оны өндіру мен өткізудің басқа да шығындарының құндық бағасы

Кәсіпорын шығындарының түрлері:

Өндіріс шығындары ұдайы өндірісте үлкен мәнге ие, келесі топтарға бөлінеді:

- **Өндіріске және қызмет көрсетуге жұмсалатын шығындар** – бұл көрсетілетін қызметтердің және өткізілген өнімнің өзіндік құнынан өтелетін ағымдағы шығындар;
- **Өндірісті ұлғайтуға және жаңартуға жұмсалатын күрделі шығындар.** Олар амортизациялық қормен, кәсіпорынның пайдасымен, бағалы қағаздар және несие арқылы өтеледі;
- **Кәсіпорынның әлеуметтік-мәдени тұрғын үй мұқтаждарына жұмсалатын шығындары.** Өнім өндірісімен тікелей байланыспаған және арнаулы қордан кәсіпорын пайдасымен өтелетін шығындар.

Шығындардың топтастырылуы

1. Біртектілік деңгейі бойынша:

- элементтік (біртекті, мысалы: отын шығыны, өндірістік жұмысшылардың негізгі еңбек төлемі шығыны, т.б.);
- кешенді (эртекті элементтерді біріктіреді, мысалы: цехтік шығындар, оған көмекші материалдар, жалақы, энергия және басқадай элементтік шығындар кіреді).

2. Өнім шығарылымының көлеміне әсері бойынша:

- тұрақты - өндірілетін өнімнің көлеміне тәуелді емес шығындар (мысалы жал төлемі, амортизация, ғимаратты күту, т.б.);
- ауыспалы - өнім көлеміне тура пропорционалды шығындар (мысалы: шиізат және материал шығыны, технологиялық отын шығыны, т.б.)

3. Өндіріс сипаты бойынша:

- негізгі – өнімді дайындаудың технологиялық процессімен тікелей байланысты шығындар (шикізат, материалдар, отын, өндірістік персоналдардың жалақы шығындары және т.б.);
- үстеме – кәсіпорынның жұмысы мен өнім өндіру үшін қажетті жағдай жасаумен байланысты көмекші өндіріс шығындары.

4. Өнімнің өзіндік құнына шығындарды жатқызу тәсілі бойынша:

- тура – калькуляцияланатын нақты өнім бірлігіне тікелей жатқызылатын шығындар;
- жанама – бірнеше өнім түрлеріне ортақ болып табылатын шығындар

5. Өндірісте пайдалану мерзімдері бойынша:

- ағымдық – күнделікті жұмсалатын шығындар;
- бір жолғы – айына бір реттен жиі іске асырылмайтын бір реттік шығындар.

6. Шығынның пайда болу орындары бойынша:

- учаскелік шығындар;
- цех шығындары;
- өндіріс шығындары.

7. Экономикалық элементтер бойынша (өндіріс шығындарының сметасы):

әдетте экономикалық элементтер бойынша шығындар сметасы жасалады: жабдықтарды пайдалану және күту шығындары; цех шығындары және жалпы зауыттық шығындар сметалары.

Сметалар келесі элементтер бойынша жасалады:

- шикізат және негізгі материалдар, с.і. сатып алынатын жартылай фабрикаттар;
- көмекші материалдар - өндіріс процессіне қызмет көрсетеді;
- сатып алынатын отын;
- сатып алынатын энергия;
- еңбек төлемі шығындары;
- әлеуметтік салық аударымдары;
- негізгі қорлар амортизациялары;
- басқадай шығындар.

8. Калькуляция баптары бойынша:

Калькуляция негізінде өнім бірлігінің өзіндік құны есептеледі. Калькуляцияда шығындаркелесі баптар бойынша топтастырылады:

- шикізат, материалдар;
- қайтарылатын қалдық (шегеріледі);
- технологиялық мақсаттағы энергия және отын;
- өндірістік жұмысшылардың негізгі жалақысы;
- өндірістік жұмысшылардың қосымша жалақысы;
- әлеуметтік қажеттілік аударымдары;
- жабдықтарды пайдалану және күту шығындары;
- өндірісті дайындау мен игеру шығындары;
- цехтік шығындар;

А Цехтік өзіндік құн

- жалпызауыттық шығындар;
- брактан болған жоғалтулар;

В Өндірістік өзіндік құн

- өндірістен тыс шығындар.

С Толық өзіндік құн

Өнімнің өзіндік құнын анықтау

Өзіндік құн - өнім бірлігін өндіруге және өткізуге жұмсалатын барлық шығындар жиынтығы.


$$S = Шж / Q$$

Өзіндік құны келесідей топтастырады:

- Жоспарлы өзіндік құн – жоспарланған шығындар деңгейінде анықталады.
- Нақты өзіндік құн – нақты шығындар бойынша анықталады.
- Цехтық өзіндік құн – барлық цехтар бойынша өнімді дайындаумен байланысты шығындар.
- Өндірістік өзіндік құн - өнім өндірісінің шығынының барлық түрлері.
- Толық өзіндік құн – кәсіпорынның өнімді өндіру және өткізу шығындары.
- Технологиялық өзіндік құн – технологиялық процессті орындаумен байланысты шығындардың қосындысымен анықталады.

Залалсыздық тұрғысынан шығындарды жіктеу

- Ауыспалы (маржиналды).
- Тұрақты.
- Аралас.



Ауыспалы шығындар - өндіріс көлемінің өсуі мен азаюы және өнімді өткізу барысында сәйкес көбееді немесе азаяды (сомада). Бұндай ауыспалы шығындарды кейде маржиналды шығындар деп атайды. Ауыспалы шығындар түсім көлеміне шығындар деңгейін салыстыру (%) жолымен талданады. Бұл топқа кіретіндер: шикізатқа шығындар; көлік шығындары; еңбек төлеміне шығындар; өндірістік мақсаттар үшін отынға, газға және электр энергиясына; орау мен ыдысқа (қап, күпсек, қорап, жәшік және т.б.) шығатын шығын.

Тұрақты шығындар - бұл өндіріс көлемінің өзгерістері мен өнімнің өткізуі сомасына әсер етпейтін шығындар. Олар техника жартылай не толық жұмыс істеп немесе тіпті жұмыс істемей тұрса да есептеледі. Тұрақты шығындар абсолюттік сома бойынша талданады. *Бұл топқа жататындар: жалға берілетін төлем; негізгі активтердің амортизациясы (мерзімді қарыздарды ауық-ауық төлеу жарнасымен не сатып алу жолымен төлеп құтылу); материалдық емес активтердің тозуы; ғимараттар мен үй-жайлардың күтуіне кететін шығындар; кадрларды даярлауға шығатын шығындар және т.б.*

Аралас шығындар – оған шамасы өндірістің көлемінің өсуімен немесе төмендеуімен өзгертін шығындар кіреді, бірақ, ауыспалы шығындарға қарағанда, тура сайма-сай емес. Басқаша айтқанда, бұл шығындардың тұрақты да, ауыспалы компоненттері бар. Мысалдар: тұрақты – сыйлық еңбекақы, сатудан пайыздарды қарастыратын сауда агенттерінің сыйақысы; өнімнің сақтауы мен тасымалдауына шығындар; коммуникацияларға (телефон, Интернет және т.б.).

Шығындар деңгейі мен өнімділік деңгейінің қатынасы келесі формуламен анықталады:

- $Y = ax + b$

- Y – жалпы шығындар
- x - өнімділік деңгейі, дана саны
- a – бір данаға кеткен айнымалы шығын
- b – тұрақты шығын

МЫСАЛ 1

	Өндіріс көлемі	Жиынтық шығындар
● Min	12000 дана	\$ 48000
● Max	18000 дана	\$ 60000
● <u>Айыр-лық</u>	<u>6000 дана</u>	<u>\$ 12000</u>

Бір данаға кеткен айнымалы шығын
= Шығындар айырмасы / өнімділік айырмасы

- $\$12000 / 6000 \text{ дана} = \$ 2$
- Тұрақты шығын(b) тең:
- $48000 = 12000 \times 2 + b$
- $b = 24000$
- немесе
- $60000 = 18000 \times 2 + b$
- $b = 24000$

Залалсыздық нүктесін анықтау

Кәсіпорында шығындар деңгейін “**Шығын – Көлем - Пайда**” талдауында “**1 теңге тауарлық өнімге жұмсалатын шығынды**” анықтайды:

$$\text{Шж} / \text{ТӨ} < 1$$

Егер қатынас бірге тең болса, онда бұл **залалсыздық нүктесі** және осы нүктеге сәйкес келетін өндіріс көлемі **сындық өндіріс көлемі** деп аталады.

Сындық шама – шығындар мен табыс шамасы теңесетін өндіріс көлемі, яғни бұл көлемде ол рентабельді бола бастайды. Сындық көлемді анықтаудың аналитикалық әдісі:


$$\text{Qсынд} = \text{Штұрақты} / (\text{Б} - \text{Сауысп})$$

Штұрақты – жалпы тұрақты шығындар;

Б – өнім бірлігінің көптеп сату бағасы;

Сауысп – меншікті ауыспалы шығын.

Залалсыздық нүктесін анықтаудың графиктік әдісі



Залалсыздық нүктесін есептеу

$$Q_{BP(N)} = FC/(P-V) \text{ – дана түрінде,}$$

$$Q_{BP} = FC/MPR \text{ - ақшалай бірлікте,}$$

$$\text{немесе } Q_{BP} = Q_{BP(N)} * P \text{ – ақшалай бірлікте}$$

мұнда $Q_{BP(N)}$ – операцияндық қызметтің залалсыздық нүктесі, дана түрінде

Q_{BP} - операцияндық қызметтің залалсыздық нүктесі, ақшалай бірлікте

Мысалы: Кәсіпорын өнімді бір бірлігіне 10 \$ сатады, тұрақты шығындар 3000 \$, 800 бірлік максималды өндіріс көлемі кезіндегі жалпы шығын 6200\$.

Шешуі: $V = TC - FC = 6200 - 3000 = 3200$

$$Q = 3000 / (10 - 4) = 500$$

Өнімнің өзіндік құнын төмендету жолдары

- **үздіксіз техникалық прогресс**
- **мамандандыру мен серіктестіруді кеңейту**
 - **еңбек өнімділігін артыру**
 - **үнемдеу режимін сақтау**
- **цехтік және жалпы зауыттықшығындарды қысқарту**
- **ақаулардан болатын жоғалтуларды азайту**